

Педагогика и психология

ӘОЖ 373.24

Г.Қ. Аманова

№ 120 балабақша (Павлодар қ.)

А.К. Сатынская, педагогика ғылымының кандидаты

Инновациялық Еуразия университеті (Павлодар қ.)

E-mail: gulnaz_pvl92@mail.ru

Балабақшада баланың тілін дамытудың маңыздылығы

Аңдатпа. Бұл мақалада балабақшада қазақ тілі сабақтарында мектепке дейінгі жастағы балалардың тілінің даму мәселесі қарастырылған.

Сондай – ақ тілді өте тиімді дамыту мен қазақ тілін игеру үшін қазақ тілін оқытудың түрлі әдістері қарастырылған.

Бұл мақалада төменгі мектепке дейінгі жастағы балаларды дамытудың мақсаты тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктері есебімен дұрыс ғана емес жақсы ауызша сөйлеуде болып табылады.

Түйінді сөздер: белсенді сөйлеуді дамыту, мектепке дейінгі жас, оқытудың түрлі әдістері.

Тіл – ұлт ерекшеліктерінің бірі, ұлт мәдениетінің бір формасы, тілде әрбір халықтың ұлттық дәстүрінің, сана сезімінің, ойлау тәсілінің, мінез – құлқының белгілері бейнеледі.

Тіл мәдениетін меңгеру – адамның сәби шағынан іске асатын, келе – келе біртіндеп жетіліп отыратын нәрсе. Олай болса, тілді ұзарту отбасында, қоғамдық мекемелерде, мектепке жүйелі жүргізілетін тәрбие процесінде іске асады. Балабақшада сөйлеуге үйрету, тілін дамыту мәселесі барлық сабақта жүзеге асырылады, бағдарламаның ең көлемді бөлімі ана тілі және айналадағы дүниемен таныстыру. Қазақ балалар әдебиетінің атасы Ыбырай Алтынсарин де балаларды оқыту – тәрбиелеу ісінде ауыз әдебиеті шығармашылығының маңызды орын алатынын айта келіп: «Өмірге қажетті ауызекі сөйлеу дағдыларына жаттықпайынша, қай – тілде болса да еркін, жүйелі сөйлеу мүмкін емес», – деген болатын.

Сөйлеу тілі мен сөздік қоры молая бастаған сайын бала айналадағы адамдармен, құрбылас балалармен белсенді түрде сөздік қарым – қатынас жасайды. Өмірдегі түрлі іс – әрекет жайын білуге құмарта түседі. Өзі түсінген түрлі жайттар туралы әңгімелейтін болады.

Баланы сөйлеуге үйрету, тілін дамыту, ой – өрісін кеңейту жұмысында бір топтағы әр баланың сөйлеу дәрежесін байқап, анықтау керек. Сонда ғана оқыту – кейіпкерлерге еліктеп, неге көңіл бөлуге болатыны айқындалады. Балалардың ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту. Сөйлем құрап өз ойларын жеткізе білуге, қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. Сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгеруге көңіл бөліп ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру. Ертегілерді әңгімелеуге, өлең, тақпақ, мақал – мәтелдер, жаңылтпаштарды айта білуге үйрету.

Бала тілін дамыту жұмысының негізгі мазмұны – сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгеруге көңіл бөліп, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, қоршаған орта мен айналасындағы адамдармен еркін қарым – қатынасқа түсу, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру.

Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді өздерінің бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу педагогтардың алдындағы міндеті. Ертегі, әңгімені, өлең – тақпақтар мен жаңылтпаштарды, сондай – ақ мақал – мәтелдер мен жұмбақтарды мәнерлеп оқып беру мен әсерлеп айту – тек қана олардың сөздік құрамын байытып қана қоймайды, сонымен қатар сәбидің ақыл – ойының жетілуіне әсерін тигізеді. Баланың әдепті, көргенді болып өсуіне ықпалы өлшеусіз, баланың Отаның, өз ұлтын, өз жерін сүюі, оны қадірлей білуі ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттің әсері деп білеміз. Өйткені, бала кітаптағы жағымды кейіпкерлерге еліктеп, ер атанғысы келіп, еркелікке, еңбекке құлшынып өседі. Балабақшада балалардың жас ерекшелігіне лайықты көркем әдебиет шығармаларын, оқыған шығарма мазмұның әңгімелеп айтқызу, суретке қарап әңгімелеу, ертегілер оқып беру, мақал – мәтел, жаңылтпаш, тақпақтар үйрету сияқты жұмыстары арқылы бала тілін дамытуға болады.

Мектепке дейінгі тәрбие жұмысы жүйелі жүргізуді талап етеді. Қазіргі уақытта баланы халықтық педагогика негізінде тәрбиелеу ана тілі арқылы дәрежесінде жүзеге асатыны белгілі. Баланы ана тілінде анық, жүйелі, өзгелерге түсінікті, мәнерлі үн ырғағымен келістіре сөйлеуге, сөздің дыбыстық құрамын дұрыс жеткізуге мектепке дейінгі кезеңде үйрету керек. Балалардың сипаттау әңгімелері түрлі сөз мәнерінде сонымен қоса тілдік (метафора, теңеу, эпитет қолдануда) сөз өнері өзіндік ерекшелігін ашу қажет. Ойыншықтарды қолданып, суретке қарап әңгіме құрастырады. Баланың өзі құрастырған әңгімесінде жанрдың негізгі ерекшелігін таба білуінде. Сюжет ерекшеліктері мен әдеби шығармалардың

мәнерлігі (ертегіні толық айтып беру). Ертегідегі жақсылықтың жеңгені, сиқырлық жайында, кейіпкерлерді басқа бір нәрсеге айналдырып, және т.б қолдана отырып, ертегі құрастыруға үйрету. Бұл жаста балалар шығарманы қызығушылықпен тыңдайды, әңгімелерді түрлендіре біледі. Баланы шығармашылық қабілеттілігінен туындаған әңгімелеріне көңіл аударып, құрдастарының әңгімелерін тыңдауға бейімдеп, қиыншылық тудырған жағдайды, қол ұшын беріп, дұрыс емес жеріне түзету енгізе керек.

Бала тілін дамыту жұмысының негізгі мазмұны – сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгертуге көңіл бөліп, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, қоршаған орта мен айналасындағы адамдармен еркін қарым - қатынасқа түсу, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру.

Тіл мәдениетін игеру – баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін кезең. Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Балабақшада тілдік қатынастың ең маңызды түрі ауызша сөйлеп үйрену жатады. Ол болса сөздерді байланыстырып айту арқасында жүзеге асады. Сөздің байланысты айтылуы баланың тілдік және ақыл – ой дамуымен біртұтас жүреді. Жас жеткіншектерді баулып, тәрбиелеуде көркем әдебиеттің ролі ұшан – теңіз. Ол жаңа өскін балауса буынының сана – сезімін оятып, ақыл – есін дамытатын, адамгершілік моральға тәрбиелейтін өмір оқулығы. Бала тілін дамыту мәселесі үнемі даму үстінде, жаңа ғылыми зерттеулермен, жаңа идеялармен толығуда. Соңғы кездегі ғалымдар еңбегінде тіл дамыту, тіл дамытудағы әдістер, тездетіп оқыту, тілдік қатысымға үйрету жаңа техника мен жаңа оқыту технологиясы туралы пікірлер басым орын алуда. Жеке адамның қалыптасуы көбіне педагогикалық ықпал етуге және оның қаншалықты ерте басталуына байланысты. Балабақша бастауыш, орта және жоғары мектептердің іргетасы, аса маңызды буындарының бірі ретінде халық ағарту жүйесіне енгізілген. Балабақша балалардың жан-жақты дамуын – дене, ақыл-ой, адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру мәселелерін алдына мақсат етіп қояды, оны тілді үйрету үдерісі кезінде жүзеге асырады. Тілге үйретудің мазмұны, жұмысты ұйымдастыру мен оқытудың негізгі әдістері «Балалар бақшасындағы тәрбие бағдарламасында» анықталған.

Мектепке дейінгі балалардың тілін дамыту жұмысы балабақшада өтілетін барлық сабақтарда (шығарма оқу, сауат ашу, сурет, математика, музыка, дене шынықтыру, т.б.) баланың жасына қарай жүргізіледі. «Балалар бақшасындағы тәрбие бағдарламасында» көрсетілген «Тіл дамыту» сияқты сабақтар балаларға өз сөзін «аңғаруға», оған объективті болып жатқан құбылыс ретінде қарауға және сөздің сапасын бағалауға бірте-бірте үйретуге көмектесу мақсатын көздейді. Тіл үйренуде ортаның үлкен қызмет атқаратыны ғылымда нақтылы деректер арқылы дәлелденген. Жас бала адасып тоғайда аңдар арасында қалғанда, оның қанша жасқа келсе де сөйлей білмегенін ғалымдар нақтылы деректер арқылы дәлелдеген. Ол туралы көркем шығармалар да, кино шығарылғаны белгілі. Демек, сөйлеу ортасы – сөйлей білудің негізгі шарты. Оқу, жазу жоқ кезде де адамдар сөйлеген және өте шешен адамдар көп болғаны белгілі. Қазақ халқы да өзінің өткен замандардағы шешендері мен ақындарын мақтан етеді. сөз өнерінің биік шыңынан көрінуде олардың өскен ортасы, өскен ортаның сөйлеу үлгісі, халықтың өнер дәстүрі, оның үлгілік әсері болғаны сөзсіз. Мәселен, Төле бидің әкесі Әлібек би болған, сондықтан Төле бидің сөйлеуге, шешен болуына отбасының үлгісі күшті болған деуге болады. Сонда Төле бидің алғашқы сөйлеу тәжірибесі отбасынан бастау алған деуге болады. Демек, Төле бидің алғашқы сөйлеу ортасы – отбасы. Бұл ортадан бірсыпыра билер өткен. Сөздік қорын дамытуда қазір ортаның қажеті бар ма деген сұрақ туады. Оған сөйлеу ортасы қазір де ауадай қажет деп жауап беріледі. Мәселен, қазір бірсыпыра ата-аналар балаларын түгел білім үйренуге жарты жылға, бір жылға, қай тілді үйрену керек болса, сол елге жіберіп жатыр. Бұл тілдік ортаның қажеттілігінен туған әрекет. Ана тілін үйренуде, байланыстырып сөйлеуге үйренуде, сөздік қорын дамытуда тілдік орта, сөйлеу үлгісі керек пе деген сұрақ туады. Оған жауап төмендегіше: сөйлесу ортасынсыз, сөйлесу үлгісінсіз ешбір тілді меңгеру мүмкін емес. Демек, тілдік орта сөйлеу үлгісін үйрену үшін, сөйлесуде ол үлгіні қолданып жаттығу үшін, байланыстырып сөйлеуді қалыптастыру үшін керек. Тілдік ортасыз, сөйлеудің жақсы үлгісінсіз ана тілінде де ешкім дұрыс сөйлеуді меңгерген емес. Олай болса, баланы байланыстырып сөйлеуге үйретуде қандай орта, қандай үлгі керек деген мәселені шешіп алу керек. Ол үшін бала қандай ортада өмір сүретініне, оның тілінің дамуына ақыл-ойының өсуіне, дұрыс тәрбиеленуіне не әсер ететінін анықтап алу керек. Баланың туғаннан басталатын алғашқы ортасы – отбасы, ата – анасы, ата-әжесі, бауырлары, туыстары. Осы ортадан сөйлеуді үйренеді, осы ортада тәрбиеленеді, өседі, өркендейді, барлық жақсы үлгіні отбасынан бастап меңгереді. Балабақшада әр жастағы балалар үшін сөйлеу ортасы арнайы ұйымдастырылады. Баланың байланыстырып сөйлеуінің дамуы сөйлеу ортасын ұйымдастыру деңгейіне байланысты. Педагог-тәрбиеші барлық балалардың ата-анасымен кеңесіп, бірлікте қызмет етсе, балалардың тілін дамытудың мүмкіндігі артады. Сонда табиғи тілдік орта (отбасы) мен жасанды тілдік орта (балабақша) бір бағытта жұмыс істейді. Мыналарды ескерген жөн: – отбасы мүшелері балаға дұрыс сөйлеу, өздері дұрыс сөйлеулері керек. Өйткені үлкендер қате сөйлесе бала оны қайталайды. Сондықтан сақ болу керек; – бала қате айтқанды, оны үйдегі үлкендер түзеп отырады; – баланың ата-анасы балаға ертегілер оқып, әңгімелер айтады, тақпақтар жаттатып, тілін сындырып отырады.

Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді өздерінің бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу педагогтардың алдындағы міндеті. Ертегі, әңгімені, өлең – тақпақтар мен жаңылтпаштарды,

сондай – ақ мақал – мәтелдер мен жұмбақтарды мәнерлеп оқып беру мен әсерлеп айту – тек қана олардың сөздік құрамын байытып қана қоймайды, сонымен қатар, сәбидің ақыл – ойының жетілуіне әсерін тигізеді. Баланың әдепті, көргенді болып өсуіне ықпалы өлшеусіз, баланың Отанын, өз ұлтын, өз жерін сүюі, оны қадірлей білуі ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттің әсері деп білеміз. Өйткені, бала кітаптағы жағымды кейіпкерлерге еліктеп, ер атанғысы келіп, еркелікке, еңбекке құлшынып өседі. Ежелгі қазақ әдебиеті өкілдерінің балаларға қалдырған әдеби мұрасы, Алтынсарин, Абай Құнанбаевтың өлең – әңгімелері осы күнге дейін тәрбиелеу мен оқытуда, ғылым жолын танытып, өнер – білімге баулуда қастерлі қасиетін еш жойған жоқ. Жамбылдың, Сәкеннің, Жансүгіровтың, Майлиннің, Мұқановтың сондай – ақ көптеген жас жазушылардың балалар сүйсінерлік қызығып тыңдарлық жақсы шығармалары бар. Мұның бәрі, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуде баға жеткісіз қазына. Әрбір тәрбиеші соларды іздестіре отырып, термелеп жинап жүрсе, өз жұмысына өте демеуші дәнекер таппақ. Жас кезінде әңгіме, жырларды көп тыңдаған бала өз көрген – білгенін қиыстырып, тұжырымдап достарына, тәрбиешілеріне, ата – аналарына айтып бере алса, тіл шеберліктері артады. Мұндай жақсы қасиеттер баланың парасатты, инабатты, әдепті, еңбексүйгіш, көргенді болып өсуіне әсер етеді.

Мектепке дейінгі шақта бала тілі икемді келеді, сондықтан – да балалармен жүргізілетін жаттығу түрлері әр алуан. Балалардың жас ерекшелігіне қарай топтарды үлкейген сайын тіл дыбыстарын айтып, үйренуге арналған жұмыс түрлері біртіндеп күрделене береді. Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады. Дыбыстардың ерекшелігін жете меңгеріп, дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру басқа да тілдерін дамыту сауат ашу оқу іс-әрекеттерінде ғана емес, ән, дене шынықтыру оқу іс-әрекеттерінде де, бос кезеңдерде де балаға өлеңдер, тақпақтар үйретіледі.

Балабақшада балалардың жас ерекшелігіне лайықты көркем әдебиет шығармаларын, оқыған шығарма мазмұнын әңгімелеп айтқызу, суретке қарап әңгімелеу, ертегілер оқып беру, мақал – мәтел, жаңылтпаш, тақпақтар үйрету сияқты жұмыстары арқылы бала тілін дамытуға болады.

Мектепке дейінгі тәрбие жұмысы жүйелі жүргізуді талап етеді. Қазіргі уақытта баланы халықтық педагогика негізінде тәрбиелеу ана тілі арқылы өз дәрежесінде жүзеге асатыны белгілі. Баланы ана тілінде анық, жүйелі, өзгелерге түсінікті, мәнерлі үн ырғағымен келістіре сөйлеуге, сөздің дыбыстық құрамын дұрыс жеткізуге мектепке дейінгі кезеңде үйрету керек. Тәрбиеші әр баланың тілін зерттеп, ерекшелігін жете меңгергеннен кейін, тәрбие білім беру үрдісіне күн тәртібінің қолайлы сәттерінде дыбыстарды дұрыс дыбыстауға орай жаттығу жұмыстарын жоспарлы түрде ұйымдастырып жүргізеді.

Балалардың сөздік қорын, тіл байлығын дамыту барысында қолданылатын әдістерге тоқталатын болсақ:

1. Сахна ойындары. Оның барысында қажетті дыбысқа байланысты сөздер, сөйлемдер бірнеше рет қолданылады. әр кейіпкерді сөйлете отырып, балаларға қайталау.

2. Бағдарлама бойынша өтілетін шығармалардан тіл ұстартуға қажетті шумағын алып пайдалану. Сол шумақ қай ертегіден, қай өлеңнен алынғанын сұрап, жауабын алу арқылы тіл дамытудан игерген білім дағдыларын бекітеді, әрі қайталайды.

3. Сөздің дыбыстық жағын анық айтуға жаттықтыруда шағын әңгіме, ертегілерді мәнерлеп оқып беруге болады.

4. Көркем сөз шеберлерінің таспаға жазылған үндерін, мәнерлі дауыс ырғағын тыңдату.

5. Дидактикалық жаттығулар жасау. «Ғажайып қалта» «Не өзгерді?» үстел үстінде ойнайтын ойындарды пайдаланып, әр дыбысқа байланысты суреттерді топтап алу.

6. Жұмбақ, мақал - мәтел, жаңылтпаштарды айтқызу арқылы қажетті дыбысты бекіту.

Жұмыстың осы түрлерін баланың жас кезінен бастап дер шағында қолға алса нәтижесі де ойдағыдай болады.

Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады. Мәселен, ән оқу іс-әрекетінде музыка үнімен бала сезіміне әсер етсе, тіл дамытуда оқылған әңгіме, ертегілер, біріншіден баланың ақыл-ойын, танымын кеңейтсе, екіншіден ана тілін жақсы білуге көмектеседі. Мектеп жасына дейінгі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі-тіл дамытудың негізгі бір міндеттері. Балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиетімен сапасын, түр түсін және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз. Сонымен балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ақыл ойы өсіп жетіледі. Әр жастағы балалардың тілін байытуға жәрдемдесетін жаттығулардың кейбір түрлері. Балалардың сөздің жалпылау мағынасын түсінуін дамытатын жаттығулар. Екі жасқа толған балаларға арналған жаттығулар. «Затты көрсет», «Қимылына қарап тап».

Мектеп жасына дейінгі бала бастапқы дамуында сөздерді үлкендерден практикалық еліктеу жолымен үйренеді. Үлкендердің басшылығымен айналадағы заттарды танып біледі, яғни алғашқы сөздік қоры олардың сөзін қайталаумен, заттардың алдымен аты, кейін дәмі, түрі, формасы, басты қасиеттерін ажыратуға үйренумен болады. Үлкеннің сөзіне қарап олар өз сөздерін дұрыстайды. Естігендерін жадында ұстау арқылы кейінірек өздерінің жаңа грамматикалық құрылымдарын шығаратын жайылары да болады.

Қорыта айтқанда балалардың ана тіліндегі дыбыстары анық айтып, дұрыс сөйлей білуге балабақшада берілер тәрбиенің ықпалы зор. Қазіргі заман талабына сай оқу – тәрбие үрдісін ұйымдастыру, яғни әр баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді ойына, бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу, тәрбиешінің алға қойған міндеті. Айналадағы дүниені, табиғатты бақылап түсіндіріп әрдайым жаңа сөздермен, сөздік қорын толықтырып отыру қажет деп есептеймін. Жоғарыда айтылған мүмкіндіктерге сай балалардың сөйлеу қабілеттерін тереңдетіп, шығармашылық қабілеттерін дамытуда айтқан әңгімесіне, өзі құрастырған қысқа әңгімелеріне бағыт – бағдар бере отырып, тіл байлығын, сөздік қорын дамытуды басты назарда ұстау керек деп ойлаймын. Баланы өз баламыздай жақсы көріп, білгенімізді олардың санасына құю, жеткізу тәрбиешінің алға қойған мақсаты. Сол мақсатқа жету үшін талмай, қажымай еңбек етуге міндетіміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Аникеева Н.П. Воспитание игрой: кн. для учителя. – М.: Просвещение, 2007. – 144 с.
- 2 Аппатова Р.С. Кожачкина О.М. Языковой и коммуникативный аспекты овладения речью // Воспитание в детском саду. – 2007. – № 1. – С. 7–14.
- 3 Быстрова Е.А. Коммуникативная методика в формировании коммуникативных навыков // Воспитание в детском саду. – 2006. – № 1. – С. 3–8.
- 4 Волков Б.С., Волкова Н.В. Психология общения в детском возрасте: Учебное пособие. – М.: А.П.О., 1996. – 344 с.
- 5 Выготский Л.С. Игра и ее значение в психической жизни ребенка // Вопросы психологии. – 2006. – № 6. – Режим доступа: <http://dob.1september.ru/> (Дата обращения 11.04.2018).
- 6 Петров А.П. Работа по развитию коммуникативного поведения дошкольников в условиях детского сада // Ребёнок в детском саду. – 2013. – № 2. – С. 25–35.
- 7 Галигузова Л.Н., Смирнова Е.О. Ступени общения: от года до семи лет. – М.: Просвещение, 2012. – 143 с.

REFERENCES

- 1 Anikeeva N.P. Vospitanie igroj: Kn. Dlya uchitelya. – M.: Prosveshchenie, 2007. – 144 s.
- 2 Appatova R.S. Kozhachkina O.M. Yazykovoj i kommunikativnyj aspekty ovladeniya rech'yu // Vospitanie v detskom sadu. – 2007. – № 1. – S. 7–14.
- 3 Bystrova E.A. Kommunikativnaya metodika v formirovanii kommunikativnyh navykov // Vospitanie v detskom sadu. – 2006. – № 1. – S. 3–8.
- 4 Volkov B.S., Volkova N.V. Psihologiya obshcheniya v detskom vozraste. Uchebnoe posobie. – M.: A.P.O., 1996. – 344 s.
- 5 Vygotskij L.S. Igra i ee znachenie v psihicheskoj zhizni rebenka // Voprosy psihologii. – 2006. – № 6. – Rezhim dostupa: <http://dob.1september.ru/> (Data obrashcheniya 11.04.2018).
- 6 Petrov A.P. Rabota po razvitiyu kommunikativnogo povedeniya doshkol'nikov v usloviyah detsкого sada // Rebyonok v detskom sadu. – 2013. – № 2. – S. 25–35.
- Galiguzova L.N., Smirnova E.O. Stupeni obshcheniya: ot goda do semi let. – M.: Prosveshchenie, 2012. – 143 s.

РЕЗЮМЕ

Г.К. Аманова

Ясли-сад № 120 (г. Павлодар)

А.К. Сатынская, кандидат педагогических наук

Инновационный Евразийский университет (г. Павлодар)

Важность развития речи ребенка в детском саду

Статья посвящена вопросам развития речи у детей дошкольного возраста на уроках казахского языка в детском саду. Также рассматриваются различные методики обучения казахскому языку для более успешного развития речи и освоения казахского языка.

В статье отмечается, что целью развития детей младшего дошкольного возраста является формирование не только правильной, но и хорошей устной речи с учетом возрастных особенностей и возможностей воспитанников.

Ключевые слова: *развитие активной речи, дети дошкольного возраста, различные методики обучения.*

RESUME

G.K. Amanova

Kindergarten № 120 (Pavlodar),

A.K. Satynskaya, *Candidat of pedagogical Sciences*

Innovative University of Eurasia (Pavlodar)

The importance of the child's speech development in kindergarten

In this article the problem of speech is examined for the children of preschool age on the lessons of Kazakh in kindergarten. Also, various methods of teaching the Kazakh language for a more successful development of speech and mastering the Kazakh language are considered.

The article points out that the goal of the development of children of younger preschool age is the formation of not only a correct speech but also a good oral speech, taking into account the age characteristics and abilities of children.

Key words: *development of active speech, children of preschool age, different teaching methods.*